

Қорғалжын мемлекеттік табиғат қорығына жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 767

Қорғалжын мемлекеттік табиғат қорығының аса құнды өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің түрлерін сақтау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің " Жер туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717_ заң күші бар Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведоместілері, 1995 ж., N 24, 159-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қорғалжын мемлекеттік табиғат қорығына тұрақты жер пайдалануға

жалпы көлемі 15192 га жер учаскесі мына жер құрамынан берілсін:

Ақмола облысы Қорғалжын ауданының арнайы жер қорынан 13045 га, оның ішінде шабындықтан 88 га, жайылымнан 12633 га және басқа жерлерден 324 га;

Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Амангелді селолық округінің жерінен 2147 га, оның ішінде жайылымнан 2138 га және басқа жерлерден 9 га.

2. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.